



## РЕДАКТОРДАН

### Өзіңді жоғалтып алмауға тырыс

Армысыз, қадірлі оқырман!

Заман ағымы мен талабына сәйкес білім берудің нысаны мен мазмұны өзгергенімен, оның негізгі мәні өзгермейді. Александра Пахмутова мен Николай Добронравовтың өте бір әдемі әнінде айтылғандай: «Жер бетінде сізді жоғалтып алмау үшін, өзіңізді жоғалтып алмауға тырысыңыз». Өкініштісі сол, күнделікті өмірде баламалы «оқыту», «білім беру» деген сөздермен алмастырылатын «білім беру» ұғымының орыс тіліндегі және бірқатар басқа тілдердегі даналық мағынасы өзін-өзі тәрбиелеу, өзіндік жеке тұлғаны жасау, қалыптастыру және дамыту барысында адамның өзін-өзі бақылауын талап етеді.

Әрине, білім алушыларды тәжірибеге бағыттамай оқытқаннан, олар жақсы маман болып шықпайды. Дуалды білім беруге бағытталу, колледждер мен ЖОО-ларды мамандандырылған аккредиттеу әдісімен тексеру – қажетті нәрсе. Сонымен қатар, мұны ұйымдастыру және шаралар қабылдау тұрғысынан бақылау оңай. Ал қазіргі таңда біздің мектептерді «ізгілендіру» – біз ойлағаннан да әлдеқайда жоғары деңгейдегі міндет.

Жақында бұл мәселені Сенат басшысы Мәулен Әшімбаев ҚР Парламентінің отырысында алаңдаушылық білдіре отырып көтерді. Проблема тек толғағы жетіп қана қоймай, біздің елдің білім беру саласына енуге жақындап қалған.

«Қазақстанның жоғары оқу орындары – 2020» ұлттық рейтингісінің қорытындысы бойынша ЖОО-лардың ішіндегі ең үздіктері мен нашарлары, тұрақты «орташалары» анықталды. Алғашқылардың қатарында ұлттық университеттер ғана емес, сонымен қатар жекеменшік университеттер де бар. Жалпы алғандар, бұл жайт бізді қуантады. Он ЖОО «ең төмен орынды иеленген» оқу орны деп аталды. Олар тіпті еңбек нарығының талаптарын қанағаттандыру, өз түлектерін жұмысқа орналастыру сияқты өздерінің қарапайым негізгі функцияларын орындай алмай, мемлекет пен жұмыс берушілердің үміттерін ақтай алмай отыр. Ал енді бұл оқу орындарының өздерінің түлектерін ауқымды, нағыз әмбебап маман ретінде дайындап шығатындығы туралы айтудың өзі артық. Қаншалықты парадоксальды болса да, бұл 10 университет «университет» деген әйгілі атауды иеленіп отыр.

Жүргізілген сауалнамаларға сәйкес, көптеген оқу орындарының басшылары, оқытушылары өздерінің сәтсіздіктерін әлемге жайылған пандемиямен түсіндіреді. Бірақ теорияны практикамен күшейту, тіпті схоластиклық орта ғасырлар дәуірінде де, сол кездегі шебер ұстаздар мен және олардың білім алушылары үшін де оқудың міндетті шарты болды. Бүгінгі таңда коронавирус енгізген «қашықтық» ұғымы тұрған жеріне қарамастан оқушы мен оқытушы қарым-қатынасының жеке кестесінің мүмкіндіктерін кеңейтті, сессиялар мен емтихандарды үйден шықпай-ақ тапсыруға мүмкіндік берді, білім алушылардың бойында өз еркімен немесе мәжбүрлі түрде, шығармашылық тәсілмен өз бетінше даму дағдыларын қалыптастырды.

Жалпы алғанда, тек тек ЖОО-да ғана емес, сонымен қатар колледжде, тіпті орта мектепте де «бар назардың» оқытудан өз бетінше оқуға, дағдыларды игеру арқылы білім алудан құзиреттіліктерге ие болу арқылы білім алуға ауысу орын алып жатыр. Бірақ бұл туралы неғұрлым көп айтатын болсақ, қалаған нәрсені жүзеге асырудың жарқын мысалдары соғұрлым аз болады. Пандемия ескі стильдің әрекетсіздігін, онсыз посткеңестік отыз жылдан астам уақыт ішінде сондай қиындықпен қалыптасқан ұлттық мектептің өзінсіз қалуға әкелетін санада төңкеріс жасауға дайын еместігін одан бетер әшкере жасады.

Сонымен қатар, оқу корпустары жоспарлы түрде салынууда, студенттерге арналған жатақханалар саны өсуде, жан басына жоспарлау әр балаға, мектеп оқушысына, колледждің, университеттің студентіне, олар қайда жүрсе де, білім алуға бөлінген қаражаттың қозғалысына кепілдік береді – бұл туралы журналдың осы номерінде жарияланған Білім және ғылым вице-министрі Бибігүл Асылвананың сұхбатынан мәлім болады. ҚР білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Жамбыл облысының кең аумағында көп еңбекті талап ететін жұмыстар жүргізілуде, бұл туралы осы өңірден алынған материалдардың кең топтамасы айтып береді. Осы жерде портреті біздің басылымның мұқабасында орналасқан Жуалы ауданының «Ақтөбе» шағын жинақты мектебінің директоры Г.Ж. Әбілдаеваның мақаласын ерекше атап өткім келеді.

Пандемия кезінде мектеп есі шыққаннан қимылдамай қалмай, өзінің қызметін одан әрі жалғастыра берді. Балалардың оқуы жүріп жатыр. Ал сабақтың қалай жүріп жатқандығы, бұл істе қандай жетістіктер мен қателіктердің бар екендігі туралы біздің журнал сіздерге жүйелі түрде баяндап отыратын болады, құрметті оқырман.

*Ольга Шаленко*